



А И Ш Қ Ы І Н

Шәрбану БЕЙСЕНОВА: АТ ҮСТІНДЕГІ АДАМДА ҚҰС ЕРКІНДІГІНДЕЙ ЕРКІНДІК БАР



Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Шәрбану Бейсенованың әдебиет туралы толғамдарына құлақ түрген едік.

– Қазақ әдебиетінде проза жазып жүрген қыздар аз. Есесіне, ақын қыздар көп. Проза жазу ауыр ма, әлде прозаик қыздардың жолы ауыр ма? Мұны қалай түсінуге болады?

– Бұл сауалыңызға жауапты біздің халықтың табиғатынан іздеген жөн болар-ау. Біздің арамызда жас кезінде өлең жазбағандар кемде-кем ғой. «Әу демейтін қазақ жоқ». Халқымыздың бір ерекше мінезі – осы өлең құмарлығы шығар. Сол қасиетті дамытып, өлеңді серік еткен жандар ақын болуға талпынады, талаптанады.

Ғұлама әдебиет білгірлері «Ақындық – Алладан» дейді ғой. Алла алқап, аруақ жебегендер ғана жауһар жыр жаза алады деген ойдамын. Ал соған талпыну пенде баласына жат емес. Ақын қыздар көп болса, құба-құп. Солай-ақ болсын! Саннан сапа шығады демейтін бе еді. «Жүзден жүйрік, мыңнан – тұлпар».

Ал ақын қыздар мен прозашы қыздардың қайсысының ертерек танымал болатындығы жайлы сөз қозғасақ, ол бір басқа. Жұртшылық қауымға ақындар ерте, әрі кеңірек танылып жатады. Себебі бір-екі сәтті топтама өлең

жазса, оны баспасөзге жедел ұсына алады. Кездесулерге барып, жұрт алдында оқиды, сазгерлерге ән жаздырып, орындату мүмкіндіктері тағы бар. Ән де жылдам тарайды. Осылайша, танымалдылыққа қол жеткізеді. Ал қай прозашы кездесу жасап, әңгіме, хикаят, роман оқып тұрсын?! Бұл арада ақын қыздар белсенді, прозашылар самарқау деген пікір тұмауы керек. Әңгіме жанрдың өтімділігі хақында ғой, соны айтып отырмын. Ал ақынның да, прозашы қыздың да шығармашылық жолдары оңай емес, мехнаты бірдей-ақ шығар.

– Ендеше, неге орыс әдебиетінде әйел жазушылар көп? Біздің елдің қыз-келіншектерінен неге жазушы көптеп шықпайды?

– Меніңше, бұл арада халқының санына қараған жөн. Әйел жазушыларының көптігі бұл халықтың әйелдері шетінен талантты деген ұғымды тудырмайды. Олар саны көп халық. Көптің арасынан кім шықпайды? Жазушының да көптеп шығуы – заңдылық. Ал олардың жазып, бастырып шығарып жатқандарының бәрі келісті көркем дүние деуге келер ме екен? Осыған зер салайықшы. Ол елде баспа ісі қатты өркендеп дамыған. Кез келген нәрлі де, нәрсіз де дүниелерді бұрқыратып басып шығарып жатады. Әлем-жәлем етіп безендіріп шығарғандарымен оқығанда берер эстетикалық ләззаты, ғибраты жоққа тән шығармалары да толып жатыр.

– Қазір Джоан Роулинг жазушы ретінде әлемге кеңінен танылды. Гарри Поттер атты бір кейіпкері арқылы-ақ танымал болды. «Гарри Поттерді» он орап алатын «Менің атым Қожа» сияқты шығармалар бар ғой. Бірақ Гарри Поттердей таныла алмауының сыры неде?

– Джоан Роулингтің кітаптарын немерелеріммен бірге оқыдым. Себебі немерелерім теледидардан ол кітаптардың таныстырылымын, жарнамасын көріп қатты қызыққан еді. Жас бала оқыған соң жаңсақ пікір қалыптасып, дүниетанымдарына кері әсер етер ме екен деп қауіптенгеннен әдейі өзім оқып отырдым. Кітаптарының тілі жеңіл, ертегі секілді оқылады. Мұнда қиял-ғажайып оқиғалар, сиқырлы әлем мидай араласып кетеді екен. Кейіпкерлері сиқыр әлемінде де, шынайы өмірде де ары-бері өтіп жүреді. Өзегі мәңгілік тақырып: жақсылық пен жамандық атаулының күресі. Және оқиға Гарридің басынан өтіп жатады. Бастапқы кітаптары тәуір оқылып еді, кейінгі шыққандарында өзін-өзі қайталауға ұрынды. Бұл автордың кітабының бұлайша дақпырты алысқа жайылып, көп таралуы тек ағылшын тілінде жарияланғандығында болар деп ойлаймын. Ағылшын тіліндегі оқырмандардың көптігі де ықпалды әсерін тигізгені сөзсіз. Ал қазақ жазушыларының, соның ішінде «Менің атым Қожа» секілді үздік шығармалардың «Гарри Поттердей» әлемдік деңгейде таралып, танымал бола алмауы оның орыс, ағылшын тілдеріне тиісті дәрежеде аударылмауынан деп ұғынамын. Біз жақсы аудармаға зәруміз және тәуелді жағдайдамыз. Шығарма әуелі орысша аударылуы керек. Сосын барып әлемнің басқа тілдеріне орысша нұсқадан аударылып жүр. Оның да күрделі, толғақты жайлары толып жатыр.

– Сіз бен біз шет жұрттың әдебиетін шет жағалап сөз етіп кеткендейміз. Бұл уәжіңіз де орынды. Қазақ әдебиетіне, оның ішінде сіздің

шығармашылығыңызға оралсақ. Айтыңызшы, сіздің кейіпкерлеріңіздің ішкі беймаза әлемі өзіңіздің әлеміңіздің көрінісі ме?

– Менің кейіпкерлерім – менің замандастарым. Олардың ойлары, әрекеттері менің болмысыма жақындау болса, мұның сыры осында жатыр деп ұққан жөн. Өзіммен бір қоғамда, бір кезеңде жасаған жандар туралы көбірек жазған шығармын. Олардың қуаныш-күйініштері, бағы мен мұны, уайымы мен өкініштері маған түсінікті көрінеді. Әрқашан да қарапайым, жаны таза, сезімі мөлдір, ақ-адал жандар туралы жазғым келеді. Оларды қаншалықты көрсете алып жүрмін, қаншалықты көрсете алмай жүрмін, ол өзінше бөлек әңгіме. Оны сыншылар қауымы айта жатар.

– Сіздің кейіпкерлеріңіздің ішінде Нәзира («Қамсыздандыру агенті»), Күләйхан («Күләйхан мен кемпірлер»), Жарқынай («Апалы-сіңлілі екеу»), Мақтақыз ерекше әсерге бөлейді. Бұлар әртүрлі ортада өмір кешкен жандар. Бірі – қалада, бірі – ауылда дегендей. Солай бола тұра, осылардың бойында бәріне ортақ бір мұң бар секілді. Ол не мұң?

– Олардың бәрі де қарапайым, өмір сүру тіршілігіне адал, мейлінше таза жандар. Олардың бастарындағы мұң, уайым көбіне жалғызсыраудан туындап жатқандай. «Апалы-сіңлілі екеудегі» Жарқынай отбасы бола тұра, көп ішінде өзін жалғыз сезінеді. Қаршадай сіңлісінің бойынан қуат тапқандай болады. Айтыңызшы, адамның жалғызсырайтын кездері аз ба? Жаңағы өзіңіз атаған Нәзираны алайық. Ол ғылым жолында әлдеқандай нәтижеге қол жеткізсе де, жаны жалғыздықтан арыла алмайды, ой тұңғыығына түсіп кеткендей. Оны терең ой шыңырауынан кездейсоқ келген қамсыздандыру агенті алып шығады. Сондай-ақ қайнысының тойында отырып Шәркүлдің жалғызсырауы («Тойға келген келіншек») табиғи адами мінез көрінісі ғой. Бұлардың қай-қайсысы да маған қымбат бейнелер.

– Ал тарихи тақырыптарға қалам тартуыңыздың сыры неде? Сүзге («Сүзгенің соңғы күндері»), Марғуа («Бір махаббат баяны») туралы не айтар едіңіз? Өзіңіздің қарапайым жандар туралы жазатын ерекшелігіңізден ауытқып, басқа соқпаққа түсіп кеткен жоқсыз ба?

– Әркімді әртүрлі жайлар толғандырып жүреді емес пе? Мені әр ғасырлардағы қазақ әйелінің көрген бейнеті қашанда бей-жай қалдырған емес.

Менің отыз жылдан астам журналистік қызметімнің жиырма жылға жуығы «Қазақстан әйелдері» журналында өтті. Осы уақыттарым маған не нәрсеге болса да әйелдің мүддесі тұрғысынан қарауға үйретті. Әйел тағдырына терең бойлай қалам тартуыма негіз болды. Мені әртүрлі ойларға жетеледі. Қоғамдағы орын алған зобалаңдар, қилы-қилы тартысты кезеңдер қай ғасырда да әуелі әйелге қасірет болып тиген.

Журналда қызмет жасап жүрген тоқсаныншы жылдардың басында «Азаттық жолындағы алғашқы құрбандар» атты айдар ашып, дүркін-дүркін мақалалар жариялап отырдық. Сол тұста Мұрат Әбдіров атты белгілі тарихшы ғалым Сібір хандығын Ресейдің отарлауы туралы материал алып келіп еді. Танысып көрсек, Сібір хандығының тағында Көшім хан отырғаны, ал хандықтың негізгі құрамын қазақтың арғын, найман, керей, уақ сияқты ру-тайпалары

құрайтыны айтылады. Орал тауын асып келген Ермак бастаған отарлаушы отряд Көшім ханның ордасын шауып, елін тоз-тоз еткені туралы баяндалады. Жаулаушы отрядтан ордасын сақтау үшін Көшім хан Сібірдің түкпіріне Өбе дарияға қарай шегініп кеткенде кіші әйелі Сүзгенің өз қонысында қалып қойып, мерт болғаны туралы қысқа дерек келтіреді.

Мен осы деректі негізге алып, Сүзге туралы жазуға ниеттендім. Қосымша деректерді көп іздедім.

Мұхтар аға Мағауиннің «Аласапыран» романындағы Оразмұхаммедтің жас келіншегі Ай-Шешек бегімнің отарлаушы қарақшылардың қолына түскеннен кейінгі тағдыры не болғаны естеріңізде болар. Қарап отырсақ, «Аласапырандағы» жазылған оқиғалар мен Сүзгенің оқиғасы өткен уақыт бір ғасырдың іші екен. Оқиға өткен жерлері де бір-бірінен шалғай емес.

Көшім ханның Сүзгеден басқа ханымдары, ұлдары, қыздары тегіс Ресейге Оразмұхаммед секілді тұтқын болып жөнелтілді. Ал Сүзге Үлкен ордадан бөлек отырғандықтан, олардан бөлініп қалады. Ермак кіші ханымды қолға түсіруді өзіне үлкен олжа санап, қорғанына үздіксіз шабуылдайды.

Мұсылман әйелдің кәпірдің қолына тірі түскеннен кейінгі көретін азабын алдын ала сезінген Сүзге сол қиянаттан өзін азат ету үшін мерт болады. Ол осылай арын да, намысын да таптатпай, құрбан болған екен. Сүзгенің бұл әрекетін шайқастағы батырлықтан бір кем емес ерлік деп ойлаймын.

Сондығымен де маған қатты әсер етті. Хикаят алғаш «Жұлдыз» журналында жарияланғанда оқырмандар да жылы қабылдаған болатын.

– Сүзгенің ерлігі деп айтып қалдыңыз. Ал Әлия мен Мәншүктің батырлықтары жайлы не айтар едіңіз?

– Жақсы айттыңыз. Осы екі батыр апамыздың ерліктерін бір сәт те естен шығарған емеспін. Журналда бұл кісілер жайлы жеке-жеке материал жаздым. Әлияның бірге өскен туысы Сапурамен жолығып, ол туралы бар деректі өз аузынан жазып алып қалып едім. Оны көрген кезімде жасы егде тартып, науқастанып жатыр екен, соған қарамастан, маған екі күн уақытын бөліп әңгімелесті. Әлияның майдан даласынан өзіне жазған бес хатының мәтінін жатқа айтып бергені әлі есімде. Майдан даласынан жеткен бұл сәлем хаттары Әлиядан қалған заттық белгі – жалғыз жәдігер. Қазір мұражайда сақталған. Ал Мәншүк туралы жазсам деп материал жинақтап жүргенімде, журналистік жолым мені қарт майдангер Ахметқазы Болатовпен тоғыстырды. Ол Алматыда жасақталған 100-атқыштар бригадасының құрамында майданға алынып, соғыстың басынан аяғына дейін қатысқан ардагер еді. Ол кісінің бізбен әңгімесінде былай дегені әлі есімде:

«...Мәншүктің ерлігін Ұлы Отан соғысында орысы бар, басқа ұлты бар бірде-бір халықтың қызы түгіл, жігіттері жасай алған жоқ. Мен 1943 жылдың 15 қазанындағы жаумен шайқаста Мәншүкпен бірге қатынасып, қалай мерт болғанын көзбен көрген адаммын. Сол уақытта да айтқанмын, қазір де қолымды көкірегіме қойып, ағымнан жарылып айта аламын, сол күнгі Изочи стансасы үшін болған шайқастан 100-бригаданың аман-есен шыққан жауынгерлері тек Мәншүктің арқасында тірі қалған едік. Біз өміріміз үшін де, соғыстан кейінгі көрген барша қызықшылығымыз үшін де тек Мәншүктің

аруағы алдында қарыздармыз. Сол себепті оның ерлігіне бас ие отырып, өзіміздің көзіміз жұмылғанша оның атын қастерлеп айта береміз, айтып кетуге тиіспіз...» Қарт жауынгер тебіреніске толы жүрекжарды осы өсиет сөзін айтып, көзіне жас алған. Осыдан артық мадақ, осыдан артық қандай мойындалу болсын?! Бұл арада басқаша сөз қосудың өзі артық сияқты. Қос батыр апамыз жайлы осы сұхбаттар «Тағылымды тағдырлар» атты деректі прозалық кітабымда жарияланған болатын. Оқырмандардан көптеген хат алып едім. Мектептерде өтетін көркемсөз оқудың жарыстарында жас балалар Әлияның майдан даласынан жазған хатының мәтінін жатқа айтып жүрген көрінеді. Меніңше, Әлияның хаттарын дүркін-дүркін қайталап жариялап отыру керек сияқты. Ол хаттардан Әлияның мөлдіреген түп-тұнық жан сыры анық көрінеді. Мөлдіреп тұр-ау, мөлдіреп тұр.

– Ұлы Отан соғысында қазақтың екі бірдей қызының батыр атануы кездейсоқтық па, әлде әлдеқандай заңдылық бар деп ойлайсыз ба?

– Жоқ, бұл кездейсоқ сәттілік емес еді дегім келеді. Бұл ерліктердің тамыры тереңде. Менің топшылауымша, апаларымыздың қайсарлығы, намысқойлықтары арыдан қанмен келген қасиетінде, тегінде жатыр. Біз көшпенді халықтың ұрпағымыз. Көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі ат үстінде өтеді. Аталарымыз жылына 2-3 реттен, қыстаудан жайлауға, жайлаудан күзеуге, күзеуден қыстауға көшіп-қонып отырған ғой. Сонда қалай көшкен? Әрине, атпен көшетін болған. Жас бала жастайынан атқа мінуді меңгерген. Ат үстіндегі адамда құстың еркіндігіндей еркіндік болады, қанат бітеді. Жігерлі болады, желмен жарысып өседі. «Қыз қуу» секілді ат ойындары намысын жаниды. Атқа мінген қыздарымыз атты басқарып, қалаған жағына жүргізу үшін қолына қамшы ұстаған. Оны шырқ үйіріп сілтей білген. Ал қамшы ұстаған қол қажет болған жағдайда қару да ұстай алатынын тарихта өткен батыр, қайсар апаларымыз сан мәрте дәлелдеген. Әлия мен Мәншүк – солардың заңды жалғасы.

– Хикаятыңыздағы Сүзге бейнесі жайлы айтып өттіңіз. Ал Марғуа («Бір махаббат баяны») туралы жазуыңызға не түрткі болды?

– Жоғарыда айтып өттім ғой, қоғам ауыртпалықтарының зілдей ауыр салмағы қашанда әйелге түскен. Жеке басқа табыну салдарынан 37-жылдары орын алған қиянаттың барша қасіретін көрген тағы да әйелдер. Арыстарын атып, атпағанын итжеккенге жиырма-жиырма бес жылға айдаатып жібергенде, әйелдерін тыныш қойса етті. Жоқ. Әйелдеріне де зауал әкелген. Ақмола облысында – «Алжир», Қарағанды облысында «Карлаг» колониясы салынып, Алаш арыстарының әйелдері сол түрмелерде отырды. Түрмеге жаппағандарын Алматыдан аластап, қуып тастады. Сондай азапты тағдырды бастан кешкендердің бірі – әдебиетші ғалым, академик Мұхамеджан Қаратаевтың отбасы. Мұхамеджан аға «жапондардың тыңшысы» деген жалған жаламен ұсталып, Сібірге бір емес, екі мәрте ұзақ жылға кесіледі. Сонда Сібірдегі ауыр күндерін жеңілдетсем деп жанын шүберекке түйіп жары Мархума артынан барып, өз еркімен Сібірдің тұтқыны болады. Бұл хикаяттағы Марғуа бейнесіне осы асыл апамыздың тағдыры негізге алынды. Ресейдің Сібір өлкесі патша өкіметі кезінде де, кеңестік жүйе кезінде де

сенімсіз деп санаған адамдарды жер аударатын мекен болған ғой. 1825 жылы желтоқсан айында патшалық режимге қарсы дүмпу ұйымдастырған орыс офицерлері мен дворян балаларын Сібірге айдағып жібергені тарихтан белгілі. Кейін Сібірге күйеулерін іздеп, солардың әйелдері барған ғой. Сол уақыттағы орыс қауымы оларды дәріптеп, декабристкалар деп атаған. Орыс әдебиетінде Н.А. Некрасовтан бастап оларға арналған мадақ шығармалар жазған жазушылар көп. Көркем фильмдер түсірілген. «Ал олар Сібірге қалай барып еді?» десе, ол әйелдердің бәрі тегіс, дворян қыздары, генералдардың туыс-қарындастары болатын. Оларды орыстың бір губерниясынан бір губерниясына, бір бекеттен бір бекетке парлап ат жеккен пәуескелермен жеткізіп отырған. Желге, күнге, боранға тигізбей, суыққа ұрындырмай жетулеріне жағдай жасаған ғой.

Ал менің Мархума апам Сібірге күздің қара суығында жұп-жұқа пальтомен, аяғындағы матадан тігілген ботинкамен жол тартқан. Ол жүк, ағаш, көмір таситын пойызға отырып Красноярға жеткен. Одан арғы жолда сәті түскен жерде көлікке жармасып мініп, жоқ жерде жаяулап жүріп, Сібірдің бір түкпіріндегі ерін адаспай табады ғой. Мұны ерлік демей не дейміз? Қазақ әйелдерінің ішінде ерінің соңынан Сібірге барған жалғыз Мархума емес екен. Хамза Есенжановтың әйелі Софья апа, Өтебай Тұрманжановтың әйелі Майнұр апа да – біраз жыл Сібірдің дәм-тұзын татып келгендер. Бірақ жастықтың салдары болар, кезінде оған мән бермеппіз. Біз ес жиып, ақтандақтарды кештеу ақтара бастаған шақта олар өмірден өтіп кеткен еді. Тек Мархума апамды ғана көріп, әңгімелесіп қалу мүмкіндігіне ие болыппын. Соған шүкір деймін. Мен көрген кезде апамның тоқсанға иек артқан, қатты науқас меңдеген кезі екен. Соған қарамастан, басынан кешкендерін өз аузынан айтып берген. Ол кісінің зейінінің беріктігіне, ұзақ ғұмырындағы түрлі оқиғаларды күні кешегі болған жағдайдай нақпа-нақ айтқанына, кісі аттарын да жаңылыспай атағанына таңдандым.

«Әлгі кім еді?» деп келін-баласынан сұрамай-ақ, қолмен қойғандай етіп айтып отырды. Жады мықты, тас қайрақтай қатып-піскен, әбден шыңдалған жан екені көрініп тұрды. Марғуа бейнесіне негіз болған Мархума апай осындай еді ғой. Хикаятымда соны толыққанды көрсете алдым ба деп те кейде ойлап қоямын. Бұл хикаят – менің осы Марғуа бейнесі арқылы Сібірге тентіреп, ерлерінің бастарына түскен азапты бірге бөліскен апаларымның бәріне арнап жазған дүнием еді. Соларға сөзбен қойған ескерткішім.

– Әлгінде бір әңгіменізде аузыңыздан сыншы қауым деген сөз шығып қалды. Сіз белгілі әдебиет сыншысы Сағат ағаның зайыбысыз. Үйіңізде бірегей айтулы сыншы отырғанда, қолыңызға қалам алуға қорықпадыңыз ба? Әрі сіздің жолдасыңыз Алматыда үлкен жеке кітапхана жинақтаған адамның бірі дейді. Әлем әдебиетінің небір жайсандары мен марқасқаларының еңбектеріне қарап отырып, жүрексіңбей қалай жаздыңыз? Олардың мысы баспады ма?

– Ол кезде қорықпасам да, сіздің мына сұрағыңыздан қорқайын дедім. Әлде менің әңгіме жазғаным, шынында, әбестік болды ма екен деп өзіме-өзім күмәнмен қарай бастадым ғой.

– **Жо-жоқ! Тек сіздің жазғаныңызға Сағат ағай қалай қарады деп сұрағым келген.**

– Менің бітірген оқуым – Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультеті. Мамандығым – журналист. Осы мамандықта отыз жылдан астам қызмет жасасам, әуелі бір Алланың нәсіп еткені болар. Сосын жарым Сәкеңнің қамқорлығының арқасы деп білемін. Тынымсыз жұмыстың бабымен үйде бола алмайтын кездерім көп еді. Иссапарға да жиі шығушы едім. Сонда: «Қой, мына жұмысыңды таста» десе, бәлкім, басқа салаға ауысып кетуім де мүмкін еді ғой. Жоқ, Сәкең олай демеді. Менің қызметімді қолдады. Журналистік ізденуден, материал жинаудан шектеген жері жоқ. Журналға әзірлеген мақалаларымды тегіс оқып отырды дей алмаймын. Ал әңгімелерімді алдымен Сәкеңе оқытып алатынымын. Әуелі сол кісі қарап шығатын. Ол кісінің сынынан өткеннен кейін ғана баспасөзге, баспаға ұсынатынымын.

Сәкең менің үлкен жанашырым, қамқоршым болды. Сынамайды емес, сынайтын, бірақ жасытып, жасқамайтын. Сынынан өтпей қалатын дүниелер де болды. Ширатып, қайта жұмыс жасататын. «Жазғандарың мақалаға ұқсап кетпесін» деп көп айтатын. Сәкең мені таза көркем шығарманы танып, талғап оқуға жетеледі. Әдеби талғамымды қалыптастыруға, жақсы шығарманы айыра білуге үйретті.

Осы арада тағы бір жайды қоса ашып айтқым келеді. Әйтпесе, аруаққа шет болармын.

Әріп танып, сөз құрап оқи бастағаннан-ақ, мені кітап әлеміне жетелеп әкеліп кіргізген Анам еді. Ол үй шаруасындағы көпбалалы қарапайым жан болды. Солай десем де, оның әдебиетке деген ынтасы ерекше еді. Өскемен қаласына барған сайын кітап дүкеніне соғып, бір-екі кітап сатып ала келетін. Ол кісі өмірден өткенінше ауылдағы кітапханадан кітап алып оқитын әдетінен жаңылмады. Мені де соған дағдыландырды, пейіште нұрың шалқысын қайран Анашым! Мен үшін бұл кітап әлеміне бастаған бастау нүктесі еді. Кітапқұмарлығым осылай басталған.

Сәкеңе тұрмысқа шыққаннан кейін көркем әдебиетті оқуымды Сәкең өзі қадағалап, жөн сілтеп отырды. Қолыма түскен кітапты алып оқи бастасам: «Не оқып отырсың, таста оны, кітап оқығыш болсаң, мә, мынаны оқы» деп өзі іріктеп ұсынатын. Жазушы болып қалыптаса алдым ба, жоқ па, өзімнің қандай қаламгер екенімді білмеймін. Бірақ табанды оқырман екенімді білемін. Ол әдетім әлі жалғасып келеді. Кейінгі уақытта оқыған дүниелерімді қойын дәптеріме жазып қоятын болдым. Ұмытшақтық деген де адамның ізін аңдып жүреді екен... Содан сақтану үшін оқығанымды жазып отыратын болдым.

– **Әңгімені Сағат ағаның мұраларына қарай бұрсак. Ол кісінің артында қалған мұралары толық жарияланды ма? Музей ашу ойларыңызда бар ма?**

– Сағат ағанның өмірден өткеніне биыл ширек ғасыр толып отыр. Ол кісі небәрі 44 жасында дүниеден өтіп жүре берді ғой. Көзі тірісінде үш кітабы – «Сын мұраты», «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық» жарық көрді.

Төртінші кітабының атын «Шындыққа сүйіспеншілік» деп өзі қойып, машинаға екі дана етіп бастырып әзірлеген екен. Бірақ баспаға тапсырып үлгермеді. Сол кітабы өзі әзірлеген қалпы екі жылдан кейін жарық көрді.

Ол кісінің 50-60 жылдығы әдеби қауым арасында кеңінен аталып өтті. Сол уақыттары «Ақиқатқа іңкәрлік», «Азаматтыққа адалдық», «Сын сымбаты» кітаптары және екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. «Кітаптары шықпай жатыр» деп ешкімге өкпе артатын жайымыз жоқ. Бәріне тәубе!

Сағаттың Райымбектің ауданы Жамбыл ауылындағы өзі оқыған мектебіне аты берілді. Сол мектептің ішінен бір кабинетті «Сағаттану бөлмесі» деп жабдықтадық. Ондағы мақсатымыз – мектеп табалдырығын аттаған жас ұлан мектепке аты берілген адамның кім болғанын, қандай еңбектері барын біліп өссін дегенді ұғындыру еді.

Өткен жылы Сәкең сабақ берген Қазақ мемлекеттік университетінде ол кісінің атына арнап аудитория ашылды. Осы аудиторияға да Сәкең жайлы толық мәліметтер беретін материалдар қойылды. Университетте қызмет істейтін, осы іске мұрындық болған барша азаматтарға мың алғыс! Жоғарыда аталған осы екі кабинет те шағын мұражайдың міндетін атқарып тұрғандай. Біз осыған шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Және сол жылы университет «Өнегелі өмір» сериясымен бір кітабын шығарып берді. Бұл да Сәкеңнің мұраларына деген шынайы қамқорлықтың үлгісі болды.

Сәкеңнің артында қалған сыни еңбектері түгел қамтылып жарық көрді. Енді ол кісінің әлі жарияланбаған қырық бес дәптерден тұратын күнделіктегі жазбалары бар. Келесі жылы ол кісінің туғанына жетпіс жыл толайын деп отыр. Соған орай сол күнделіктерін кітап етіп шығаруды ойластырып, жұмыс жасаудамыз.

– Бұл бір жағымды жаңалық екен. Сағат ағаның ұрпақтары жайлы да оқырмандарымыздың білгісі келетіні рас. Ұрпақтарынан ағаның жолын қуғысы келетіндері бар ма?

– Немерелерім әлі жас. Олардың мамандықтары жайлы кесіп айтуға әлі ертерек секілді. Алайда үлкен немерем – студент. Таңдаған мамандығы тележурналистикаға жақындау. Осы қызым атасының жолын қуар ма екен деп үміттенемін. Ортаншым биыл мектеп бітірмек. Алдында сан тарау жол жатыр. Аллаһ игілікті жолға бастаса екен деп, жатпай-тұрмай Жаратқаннан тілеудемін. Кішкене немерем жетіншіде оқиды. Осы немерем ертегі жазады. Оны өзін кітап сияқты безендіріп, түптеп қояды. Кітап шығаруға сондай құштарлығы бар. Талабын Аллаһ қолдағай! Ертегілері де өзінің жасына қарай, бала қиялынан туған нәрсе ғой, жап-жақсы. Менің қазына-байлығым – осы немерелерім. Бәрі де қазақ мектебінде оқиды, олардың қажет кітаптарын тауып беріп, сабақтарын қарату менің міндетіме жатады. Жыл өткен сайын немерелерім өсіп, міндетім жеңілдеп келеді. Алланың көрсеткен осы жақсылықтарына мың мәрте тәуба деймін.

– Кітап шығару ісіне көңіліңіз тола ма?

– Сәкеңнің кітаптарының әр жылдары жарық көргендерін айтып өттім ғой. Ал өзім бұрқыратып көп жазып, жыл сайын кітап шығарып жатқан адам емеспін. Ұсынған кітабымның шықпай қалған кезі жоқ.

– **Қай кезде жазасыз? Қалай жазасыз, қалай өңдейсіз?**

– Аса көп күй талғамаймын. Үйде түнде жұмыс істегенді қалаймын. Қолмен, қаламмен жазамын. Үстінен өңдеп, сосын қайта көшіремін. Жыл мезгілдерінің ішінде күзде, қыста қолым жүрдек болатын сияқты. Осы мезгілдерді ұнатқандықтан солай көріне ме екен?! Кім білген? Анығы Аллаға ғана аян ғой.

Әңгімелескендер: Гүлзина БЕКТАС, Жадыра ПЕРДЕБАЙҚЫЗЫ